

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Литва Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 16

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Вильнюс қаласында 2001 жылғы 4 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Литва Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған қорғау министрлігі мен Литва Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Литва Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне адалдығын қуаттай отырып,

екі мемлекеттің арасындағы қазіргі бар достық қатынастарды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуды негізге ала отырып, экологиялық жұтау мен апатты, табиғи ортаның азып-тозуын болдырмау

және экологиялық тұрғыдан зиянсыз мекендеу аймағын құру үшін қазіргі және келешек ұрпақтардың алдындағы өз жауапкершілігімізді мойындай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заңдарын назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-БАП

Тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

2-БАП

Тараптар ынтымақтастықтың іс жүзіндегі түрлерін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына және экологиялық бағдарламаларына сәйкес бірлесіп айқындайтын болады.

3-БАП

Ынтымақтастық мынадай негізгі бағыттарда жүзеге асырылады:

- атмосфера мен топырақты ластанудан қорғау;
- су жүйелерін зерттеу, ұтымды пайдалану, қорғау және сақтау;
- қалдықтарды (оның ішінде қауіптілерін де) өңдеу;
- ұлттық парктерді демалатын орын ретінде пайдалануды реттеу;
- қоршаған табиғи ортаны радиациялық ластанудан қорғау;
- биологиялық алуан түрлілікті сақтау, сирек кездесетін және жойылу қаупіне ұшыраған жануарлар мен өсімдіктер түрлерін және олардың тіршілік орындарын зерттеу мен құтқару жөніндегі жобаларды әзірлеу әрі жүзеге асыру, сондай-ақ олардың экспорты мен импортына бақылау жасау;
- топырақты қорғау және жер ресурстарын ұтымды пайдалану;
- орманды сақтау және қорғау, сондай-ақ орман ресурстарын ұтымды пайдалану, қоршаған ортаның ластануының экологиялық-генетикалық салдарын зерттеу;
- қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;
- қоршаған орта ластануының климатқа әсері;
- қалалардағы және елді мекендердегі қоршаған ортаны жақсарту;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық реттеу және басқару мәселелері;
- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғауды экономикалық тұрғыдан реттеу;
- экологиялық тәрбие және білім беру жүйесі;
- экологиялық сараптаудың, экологиялық болжамдау мен жобалаудың әдістемелік аспектілері;
- қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы тиісті нормативтік-әдістемелік құжаттамаға сай экологиялық нормативтер мен ережелерді әзірлеу.

4-БАП

Ынтымақтастық мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:

- қоршаған ортаны қорғау және жақсарту жөніндегі нақты шараларды

бірлесе отырып іске асыру;

- Тараптар мемлекеттерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы

ғылыми-техникалық құжаттамасымен және ақпаратпен, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілерімен алмасу;

- кеңес беру, тағылымдама жүргізу және тәжірибе алмасу үшін зерттеу және оқу мақсаттарында ғалымдармен және мамандармен алмасу;

- бірлескен зерттеулер мен эксперименталдық жұмыстар жүргізу, зерттеулер мен тәжірибелер нәтижелерімен және сараптама қорытындыларымен алмасу;

- симпозиумдар, конференциялар, көрмелер, оқу курстарын ұйымдастыру және өткізу.

5-БАП

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар ынтымақтастықтың нақты бағдарламаларын қабылдайтын болады.

6-БАП

Ынтымақтастықтың нәтижелерін құқықтық қорғау және пайдалану мәселелері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес шешіледі.

7-БАП

Осы Келісімнің ережелерін қолдану барысында алынған ынтымақтастық нәтижелері үшінші мемлекеттерге, олардың заңды немесе жеке тұлғаларына Тараптардың жазбаша келісімімен ғана берілуі мүмкін.

8-БАП

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

9-БАП

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

10-БАП

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешетін болады.

11-БАП

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалады. Егер тараптардың бірде-бір осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы тиісті бесжылдық кезең аяқталардан кем дегенде алты ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, Келісімнің қолданысы келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен

ұзартылады.

Вильнюс қаласында 2001 жылғы 4 сәуірде әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде түпнұсқалары екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаса, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрлігі үшін

Литва Республикасының
Қоршаған ортаны
қорғау министрлігі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК